

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 9 қазандағы № 830 бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 43-1-бабының 1-тармағын жүзеге асыру мақсатында
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаменті (С.В. Пономарев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жіберуді;

2) «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 8 қазандағы № 546 бұйрығының күші жойылсын.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі *К. Қасымов*

Қ а з а қ с т а н

І ш к і і с т е р

2 0 1 5

ж ы л ғ ы

9

№

8 3 0

б ұ й р ы ғ ы н а

қ о с ы м ш а

Р е с п у б л и к а с ы

м и н и с т р і н і н

қ а з а н д а ғ ы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі өрт күзетінің Жауынгерлік жарғысын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 1993 жылғы 5 шілдедегі № 253 бұйрығы (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 67 болып тіркелген);

2. «Қазақстан Республикасы ІІМ оқу мекемелерінің ғылыми-зерттеу және

редакциялық-баспагерлік қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 1995 жылғы 6 қыркүйектегі № 225 бұйрығы (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 332 болып тіркелген);

3. «Қуғын-сүргін кезеңінде Қазақстан Республикасының аумағына күштеп көшірілген Қазақстан Республикасы азаматтарының паспорттарындағы ұлты туралы жазбаны өзгерту тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 1995 жылғы 6 қыркүйектегі № 225 бұйрығы (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 143 болып тіркелген);

4. «Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға саяси баспана беру тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын жариялау туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 1996 жылғы 30 қаңтардағы № 23 бұйрығы (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 288 болып тіркелген);

5. «Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға саяси баспана беру тәртібі туралы «Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын жариялау туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 1996 жылғы 30 қаңтардағы № 23 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 23 қыркүйектегі № 559 бұйрығы (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3904 болып тіркелген, «Заң газеті» газетінің 2005 жылғы 14 желтоқсандағы № 169-170(796) санында жарияланған).